

«Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС
Дирекциясының Атқарушы директорының
2024 жылғы «19» тамыздағы
№201/1-ОД Бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН



**Микрокредит беру туралы шарт
(қосылу шарттарында)**

Алматы қ.

«Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС (бұдан әрі – «Ломбард») осы микрокредит беру туралы Шарты (қосылу шарттарында) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының, «Микроқаржылық қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, уәкілетті органның заңға тәуелді актілерінің талаптарына сәйкес әзірленді, азаматтарға (бұдан әрі – «Қарыз алушыларға») жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті (бұдан әрі – «Кепіл нысанасы») кепілге қойып микрокредиттер берудің стандартты шарттарын айқындайды және Тараптардың Қосылу туралы өтінішке - Кепіл билетіне қол қою арқылы жасалады.

Кепіл билетіне қол қою осы құжатқа қол қойған адамның **Микрокредит беру туралы шарттың (қосылу шарттарында)** (бұдан әрі – «Шарт») талаптарымен танысқанын және оларды толық көлемде қабылдайтынын білдіреді.

Шарт Ломбардтың lombard.kz интернет-ресурсында, сондай-ақ Ломбардтың барлық филиалдарындағы/бөлімшелеріндегі ақпараттық стендтерде орналастырылады.

Осы Шарт, Кепіл билеті және Шарт шеңберінде ресімделетін басқа да құжаттар бірыңғай құжат ретінде қаралады.

Осы Шартта пайдаланылатын ұғымдар:

1) **Ломбард** - «Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС, БСН: 190540020930, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050009, Алматы қ., Розыбакиев к-сі, 37 үй;

2) «Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС микрокредиттер және өзге де ломбардтық қызметтерді ұсыну қағидалары - Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді, жеке тұлғаларға микрокредиттер беру, сондай-ақ оларға қызмет көрсету тәртібі мен шарттарын айқындайды.

3) **Өтініш беруші** - Ломбардқа микрокредит алу үшін өтініш берген жеке тұлға;

4) **Қарыз алушы (Кепілзат беруші)** - Ломбардпен микрокредит беру туралы шарт және кепіл билетін жасасқан/қол қойған жеке тұлға;

5) **Микрокредит** - Ломбардтың Қарыз алушыға/Кепілзат берушіге Заңда және Ломбардтың ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған мөлшерде және тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында беретін ақшасы;

6) **Микрокредит беру туралы шарт (қосылу шарттарында)** (бұдан әрі- **Микрокредит шарты**) – бұл Ломбардтың уәкілетті органы бекіткен, анықталған және <https://lombard.kz/> электронды мекенжайы бойынша жарияланған, сондай-ақ Ломбардтың барлық бөлімшелеріндегі ақпараттық стендтерде орналастырылған және басқа тарап (Қарыз алушы) оның шарттарына жалпы қосылу жолымен қабылдайтын жеке тұлғаларға микрокредиттер ұсынудың жалпы үлгілік шарттары;

7) **Микрокредит бойынша артық төлем сомасы** – микрокредит затын қоспағанда, сыйақы, тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы) сомасын қоса алғанда, Қарыз алушының (Кепілзат берушінің) шарт бойынша барлық төлемдерінің сомасы;

8) **Сыйақы** - Ломбардқа тиесілі ақшаның жылдық мөлшері есебінен микрокредит сомасына пайыздық мәнде айқындалған, ұсынылған микрокредит үшін төлемақы;

9) **Сыйақының мәні** - уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленетін ең жоғары мөлшердегі микрокредит үшін төлем;

10) **Уәкілетті орган** – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

1. Шарттың жалпы талаптары:

- 1.1. Микрокредит беру туралы шарт 18 жастан асқан адаммен ол жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен жасалады;
- 1.2. Шарттың жасалған күні, Ломбардтың атауы және Қарыз алушының (Кепілзат берушінің) деректері кепіл билетінде көрсетіледі;
- 1.3. Микрокредиттің сомасы мен өтеу мерзімі, сондай-ақ микрокредит бойынша артық төлем сомасы кепіл билетімен айқындалады. Микрокредит сомасы ұлғаймайды. Микрокредитті өтеу мерзімі негізгі борышты ішінара өтеу немесе Қарыз алушының келісімімен сыйақыны толық/ішінара төлеу кезінде ұзартылуы мүмкін. Қарыз алушының ұзарту парағына қол қоюы Қарыз алушының келісімі болып есептеледі;
- 1.4. Микрокредитті пайдаланғаны үшін қарыз алушы (кепіл беруші) сыйақы төлейді. Сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайызбен мөлшері немесе сыйақының мәні (қырық бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі сомаға микрокредиттер бойынша), Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес есептелген жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (ЖТСМ) мөлшері шарт жасалған күнге кепіл билетінде көрсетіледі;
- 1.5. Микрокредитті өтеу тәсілі – біржолғы, қолма-қол ақшамен – Ломбардтың кассасы арқылы не электрондық терминалдар арқылы не қолма-қол ақшасыз тәсілмен Ломбардтың банктік шотына ақша аудару арқылы;
- 1.6. Микрокредитті өтеу әдісі – бір жолғы немесе бөліктермен;
- 1.7. Негізгі борышты уақтылы өтемегені және сыйақыны төлегені үшін тұрақсыздық төлемін (айыппұл мен өсімақы) есепке алу тәртібі және оның мөлшері: негізгі борыш пен сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктіру Кепілдік билетте көзделген мөлшерде және мерзімдерде тұрақсыздық төлемін (айыппұл мен өсімақы) есепке алуға әкеп соғады;
- 1.8. Микрокредитті өтеу кезектілігі; 1) тұрақсыздық айыбы (айыппұл және өсімақы), 2) микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы; 3) негізгі борыш сомасы;
- 1.9. Қарыз алушының (кепіл берушінің) Шарт бойынша міндеттемелерін (кепіл нысанасы) орындауын қамтамасыз ету: микрокредит жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүліктің кепілімен беріледі;
- 1.10. Қарыз алушы (Кепілзат беруші) Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және тиісінше орындамаған кезде Ломбард қабылдайтын шаралар: Ломбард микрокредитті өтеу мерзімі кешіктірілген сәттен бастап бір айдан кейін сауда-саттықсыз кепіл затын сатуға не кепіл затын соттан тыс өткізуге/кепіл затын меншікке айналдыруға құқылы.
- 1.11. Шарттың қолданылу мерзімі кепіл билетімен айқындалады және қарыз алушы микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақыны толық көлемде ұзарту парағына қол қойған және уақтылы төлеген жағдайда ұзартылуы мүмкін.
- 1.12. Қарыз алушы Ломбардтың Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы шешімін алған күннен бастап күнтізбелік 15 күннің ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде Ломбардты бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы.
- 1.13. Ломбард осы Шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде осы Шарт шеңберінде Ломбардтың Қарыз алушымен өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады.
- 1.14. Микрокредит сомасын қайтару және (немесе) шарт бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың)

мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайызынан аспауға тиіс;

- 1.15. Микрокредит нысанасын қоспағанда, Шартта көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын қоса алғанда, Қарыз алушының Шарт бойынша барлық төлемдері жиынтығында Шарттың бүкіл қолданылу кезеңі үшін берілген микрокредит сомасының жартысынан аспауға тиіс;
- 1.16. Тараптардың келісімі бойынша қолданыстағы немесе жақсартатын шарттарда Шарттың қолданылу мерзімін күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге ұлғайтуға жол беріледі.

2. Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік:

- 2.1. Микрокредитті уақтылы өтемегені және сыйақыны төлегені үшін Ломбард есептейді, ал Қарыз алушы (Кепілзат беруші) Кепіл билетінде көзделген мөлшерде өсімақы (мерзімін кешіктіргені үшін пайыз) төлейді;
- 2.2. Ломбард Кепіл затының жоғалғаны/бүлінгені үшін - оның бағалау құны мөлшерінде, ал бүлінгені үшін, егер жоғалу немесе бүліну еңсерілмейтін күштің салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, кепіл затын бағалау сомасына қарамастан, осы күн төмендеген сома мөлшерінде жауапты болады.

3. Қарыз алушының құқықтары:

3.1. Қарыз алушы (Кепілзат беруші) құқылы:

1) Микрокредиттер және өзге де ломбардтық қызметтерді ұсыну қағидалары, сондай-ақ Ломбардтың тарифтерімен филиалдарда/бөлімшелерде не Ломбардтың интернет-ресурсында танысуға;

2) алған микрокредитке өз қалауы бойынша билік етуге;

3) тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей, микрокредитті пайдаланған күндер саны үшін сыйақы төлей отырып, микрокредит сомасын Ломбардқа мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға құқылы;

4) Егер микрокредитті және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе, онда тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны) төлемей, одан кейінгі жұмыс күні оларға ақы төлеуді жүргізуге;

5) Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін кешіктірген күннен бастап күнтізбелік 30 күннің ішінде Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін кешіктірудің туындау себептері, табыстар және басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын және Шарт талаптарына өзгерістер енгізу, оның ішінде төмендегілермен байланысты өзгертулер енгізу туралы жазбаша өтінішпен Ломбардқа жүгінуге:

- сыйақы мөлшерлемесін не Шарт бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгертумен;
- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдырумен;
- берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертумен;
- микрокредит мерзімін өзгертумен;
- мерзімі кешіктірілген негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіре отырып, микрокредит бойынша өсімақыны (мерзімін кешіктіргені үшін пайызды) алып тастаумен;
- Ломбардқа кепілге салынған мүлікті беру жолымен Шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына шегініс ақысын берумен.

6) алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Ломбардқа жазбаша жүгінуге құқылы.

7) Ломбард орын алған жағдайды реттеу үшін Шарт бойынша құқықты басқа тарапқа берген жағдайда банк омбудсменіне жүгінуге.

3.2. Қарыз алушы (Кепілзат беруші) міндеттенеді:

- 1) Алынған микрокредитті қайтаруға және ол бойынша Кепіл билетінде белгіленген мерзімде және тәртіппен сыйақы төлеуге;
- 2) Ломбардқа шарт жасасу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында, ломбардтың микрокредиттер және өзге де ломбардтық қызметтерді ұсыну қағидаларында белгіленген өзге де талаптарды орындауға.

4. Ломбард құқықтары, міндеттері және оған белгілеген шектеулер

4.1. Ломбард құқылы:

- 1) микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талапты) үшінші тұлғаларға беруге;
- 2) Қарыз алушыдан (Кепілзат берушіден) шарт жасасу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға құқылы;
- 3) Шарттың талаптарын Қарыз алушы (Кепілзат беруші) үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге;
- 4) микрокредитті өтеу мерзімі өткеннен кейін бір айдан кейін сауда-саттық өткізбестен Кепіл затын өткізуге не аукциондық сауда-саттық өткізу арқылы кепіл затын соттан тыс тәртіппен өткізуге.
- 5) Қарыз алушының өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізілмеген және қарыз алушы берешек бойынша қарсылықтар ұсынбаған жағдайда, негізгі борышты, сыйақыны және өсімпұлды (мерзімін өткізіп алғаны үшін пайызды) қоса алғанда, нотариустың атқарушы жазбасы негізінде қарыз алушының келісімін алмай, берешекті өндіріп алуға болады, бұл ретте нотариус Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Ломбардтың үлестес тұлғасы болмауға тиіс.
- 6) Микрокредиттерді электрондық тәсілмен ұсыну, алайда интернет арқылы микрокредит берген кезде Ломбард өтініш берушіні уәкілетті орган айқындаған тәртіппен биометриялық сәйкестендіруді жүргізуге міндетті.
- 7) Микрокредит беру туралы шарттың шарттарын Қарыз алушы үшін жақсарту бағытына өзгерту, атап айтқанда:
 - айыппұлды (айыппұлды, өсімпұлды) азайту немесе толығымен алып тастау;
 - микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту.

Ломбард жақсартатын шарттарды қолданған жағдайда, Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарттың өзгергені туралы хабардар етіледі.

Қарыз алушы Ломбард қолданған жақсартылған шарттардан хабарламаны алған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде бас тартуға құқылы.

4.2. Ломбард міндеттенеді:

1) жеке тұлғамен микрокредит беру туралы шарт жасасқанға дейін Қарыз алушыны микрокредит беру туралы, жылдық пайыздық сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері (микрокредиттің нақты құны), микрокредит бойынша артық төлем сомасы туралы хабардар етуге, сондай-ақ Қарыз алушыны микрокредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда ықтимал салдарлар туралы хабардар етуге;

2) Шарт бойынша Ломбард құқығының (талап ету) үшінші тұлғаға өту талаптары қамтылған Шартты (бұдан әрі- Талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасасу кезінде Қарыз алушыны (өкілді) хабардар етуге:

- талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен өңдеу туралы;
- шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға құқықтың (талап етудің) ауысуы туралы, талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 күннің ішінде үшінші тұлғаға микрокредитті өтеу бойынша одан арғы төлемдердің тағайындалуын (шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және орналасқан жері), берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, өсімақының

(мерзімін кешіктіргені үшін пайыздың) мерзімі кешіктірілген және ағымдағы сомаларының қалдықтарын және төленуге жататын басқа да сомаларды көрсете отырып;

3) Қарыз алушыны Шартта көзделген тәсілмен және мерзімде, бірақ мерзімі кешіктірілген күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етуге:

- Шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін кешіктірудің туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі кешіктірілген берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттігі туралы;
- Шарт бойынша Қарыз алушының Ломбардқа жүгіну құқығы туралы;
- Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау салдары туралы.

Хабарлама, егер ол қарыз алушыға мынадай тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілген болып есептеледі:

- Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;
- Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша, оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алса;
- жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін осы Шартта көзделген өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып.

4) Қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін 15 күнтізбелік күн ішінде Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарау және Қарыз алушыға жазбаша нысанда (мыналар туралы хабарлауға:

- Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы;
- берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары туралы;
- бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы;
- Микрокредит беру туралы шарттың шарттарын өзгерту бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген жағдайда, қарыз алушы 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Ломбардты бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы (2024 жылғы 21 желтоқсаннан бастап микроқаржылық омбудсменге жүгінуге құқылы).

5) Ломбард жақсартатын шарттарды қолданған кезде шарттың өзгергені туралы Қарыз алушыны хабардар етуге;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, микрокредит беру құпиясын сақтауға;

7) Микрокредит беру туралы шарт бойынша негізгі қарыз бен есептелген сыйақы төлемдерін кейінге қалдыруды мерзімді әскери қызметті өту кезеңіне және оның аяқталғаннан кейінгі 60 күнге ұсыну, бұл ретте микрокредит бойынша сыйақы есептелмейді.

4.3. Ломбард құқылы емес:

- 1) сыйақы мөлшерлемесін (оны төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге;
- 2) Қарыз алушыдан (Кепілзат берушіден) микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақы) қоспағанда, кез келген төлемдерді белгілеуге және алуға;
- 3) Қарыз алушыдан (Кепілзат берушіден) микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық төлемін (айыппұл, өсімақы) және басқа да төлемдерді талап етуге құқылы;
- 4) Егер микрокредитті және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, тұрақсыздық төлемін (айыппұлды, өсімақыны) өндіріп алуға және оларды төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі;
- 5) кез келген валюталық баламасына байланыстыра отырып, теңгемен берілген микрокредит бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеуді жүргізуге;
- 6) Кепіл нысанасын пайдалануға және оған билік етуге;
- 7) микрокредит сомасын ұлғайтуға;

- 8) Қарыз алушының келісімінсіз және микрокредит талаптарын сақтауды немесе жақсартуды қамтамасыз етпейтін шарттарда микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін ұлғайтуға.

5. Шарттың басқа талаптары

- 5.1. Қосылу туралы өтінішке – Кепіл билетіне қол қою арқылы Қарыз алушы (Кепілзат беруші) төмендегілерге өз келісімін береді:
- 1) қағаз және электрондық жеткізгіштердегі өз дербес деректерін жинауға, сақтауға және өңдеуге;
 - 2) ол туралы ақпаратты кредиттік бюроға және ішкі істер органдарына ақпарат беруге, сондай-ақ кредиттік есепті кредиттік есеп алушысына және ішкі істер органдарына беруге;
 - 3) Ломбардтың жеке кабинетінде (сайтта, мобильді қосымшада), смс-хабарламалар, WhatsApp-хабарламалар арқылы Ломбардтан кез келген хабарламаларды алуға және оларды Қарыз алушыны (Кепілзат берушіні) тиісті түрде хабардар ету ретінде қабылдайды;
 - 4) Ломбардтың кепіл затын соттан тыс мәжбүрлеп өткізуіне.
 - 5) Кепіл затын атаулы сақтау түбіртегі бойынша сақтауға беруге және сақтау үшін сыйақы төлеуге.
- 5.2. Ломбард микрокредиттер беру құпиясына кепілдік береді. Қарыз алушының (Кепілзат берушінің) дербес деректері, микрокредит сомасы мен мерзімдері және кепіл нысанасы туралы барлық ақпарат құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға кез келген нысанда ашуға жатпайды.
- 5.3. Қарыз алушы (Кепілзат беруші) Кепіл билетіне (қосылу туралы өтініш) қол қоя отырып, осы Шартта қамтылған талаптармен келіседі.
- 5.4. Қарыз алушының келісімімен қолданыстағы немесе жақсартатын шарттарда микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін ұлғайтуға болады.
- 5.5. Шарт тараптардың Шартта және Кепіл билетінде көзделген міндеттемелерді орындауына не кепіл нысанасының Ломбардтың меншігіне өткізілуіне/өтуіне байланысты өз қолданысын тоқтатады.

6. Тараптардың деректемелері

<p>Қарыз беруші: Атауы: «Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС Мекенжайы: ҚР, 050009, Алматы қ., Розыбакиев к-сі, 37-үй интернет-сайт: http://www.1lombard.kz</p> <p>_____ (қолы)</p>	<p>Қарыз алушы (кепілзат беруші): _____ Т.А.Ә Жеке басты куәландыратын құжат _____ (жеке куәлік/ ҚР азаматының төлқұжаты, тұруға ықтиярхат) Тұратын мекенжайы: _____, № _____ Берілген күні _____, берген орган _____ Тіркелген мекенжайы _____,</p> <p>_____ (қолы)</p>
--	---